

«Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ
МКҚК «№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»

«Келісілді»

Педагогикалық кеңес

№ 1

«29» 08 2024 жыл

«Бекітілді»

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай»

бөбекжай-балабақшасының басшысының м.а:

С.С. Баймағамбетова

Бағдарлама «Сиқырлы асық»

Хромтау қаласы, 2024 жыл

Құрастырған: Койшыбаева Гульжан Куантаевна, МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай»
бөбекжай-балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында талқыланды

Хаттама №

Менгеруші:



(қолы)

« 29 » 08 2024 жыл

С.С.Баймагамбетова
(тегі, аты, әкесінің аты)

*«Асық ептілікке, мергендікке баулиды.
Бұл – үлкен халықтық тәрбие»
Б.Момышұлы*

Түсінік хат

Қазақстан азаматтарының білім мен әл-ауқатының, денсаулығының арттыру, қамтамасыз ету мақсатында елбасы Қ.Тоқаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Халқымның тағылымы мол тарихы мен ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», - деп жазған болатын. . Егеменді ел жастарының санасына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің маңызы зор. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына ықпал тигізу. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің ұлағатты сөздерінен, іс - қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен - жүрекке беріліп отырған. «Атадан бала тусайшы, ата жолын кусайшы» дегендей, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді, ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық салт-дәстүрімізді мықтап ұстауын талап еткен.

Қазіргі білім саласына қойылған талап бойынша мектепке дейінгі білім ұйымында мен көнеден келе жатқан асықпен ойнатылатын қазақтың ұлттық ойынын одан әрі жаңғырту мақсатында ата-аналардан балаларыңыз асықпен ойнай ма? деген сауал қойған болатынымын, бұл сұраққа 25%-білеміз, 68%- ойнап көрген жоқпыз, 7%-асық туралы ақпарат жоқ екенін айтты, яғни, бұл көрсеткіш өте аз, сондықтан да жаңа заман талабына сай жаңа заманауи қарапайым асықтың мүмкіндіктерін пайдалану тиімді деп ойлаймын.

Асық-төрт түліктің, аңдардың тілерсегіндегі қызметі күрделі буынға біткен шымыр сүйек. Асықпен ойналатын ойын адамдарды мергендікке, ептілікке баулиды, аяқ-қол қимылдарын жақсартып, денсаулыққа көп пайда тигізеді. Ұмытылып бара жатқан қазақтың ұлттық ойыны асық ойыны жайлы, асықтың шығу тарихын, оның балаларға бере пайдасы мен тәрбиелік мәнін, ғылыми тұстарын жан-жақты танып, сондай-ақ асық туралы өлеңдер мен мақал-мәтелдерді, асық түрлерімен, асық атауларымен мектепке дейінгі ұйымда балаларға танытуымыз керек. Біз асықты ойынға, оқу үрдісіне қосып, оны түрлендіре отырсақ, бала асықтан өз қолымен әртүрлі заттар жасай отырып баланың қиялы мен ойын, зейінін, ұшқырлығын жан-жақты етіп дамытамыз.

Кезінде қазақтың батыры Бауыржан Момышұлы «Асық-үлкен халықтық тәрбие. Ұлтымыздың дәстүрі мен мәдениетінің бастауы», - деп баға берген екен. Осы сөзге сүйіне отырып асық технологиясын, ұлтымыздың салт-дәстүріміздің мектепке дейінгі ұйым балаларынан бастау алса, болашақта асық технологиясын жаңғырту көзделеді деп ойлаймын.

Бағдарламаның мақсаты:

Асықтың қыр – сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлерімен ерекшелерін білу.Ұмытылып бара жатқан ойындарды жаңғырту,бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп,қызығушылық ояту. Асық ойынының маңызы мен оның түрлерін анықтау.

Бағдарлама міндеттері:

1. Асық ойынының барлық ережелерін, қыр – сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлерімен ерекшелерін білу.
2. Қазақтың ұлттық ойыны асық ойынын дәріптеу. Асық ойынының маңызы мен оның түрлерін анықтау.
3. Асық ойынының ұмытылып, мүлде ойналмай, ережелерінің сақталмай, ойнаудың өзіндік сырларының (техникасының) жоғалып бара жатқандығын басты назарда ұстау, ұлттық байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу керектігін дәріптеу.
4. Өткенді зерделеп, келешек ұрпаққа насихаттау.

Бағдарламаға қатысушы топ: ересек

Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі: 1жыл

Бағдарламаға қатысушылар жасы: 4 жас

Бағдарламаға қатысушылар саны: 25 бала

Бағдарламаны жүзеге асырудағы жұмыс түрлері:

-Асықтар жинау;

- түсіндіру - көрсету,

-Теориялық (анализ, салыстыру)

-Зерттеу

танымдық оқулықтар оқу;

-Асық туралы мақал-мәтелдер,тақпақтар жаттау,ертегі оқу.

-Асықты пайдаланып түрлі заттар,бұйымдар жасау.

- ойын әдісі;

-әңгімелесу,қадағалау;

-зертханалық жұмыс(тәжірибелер);

-көңілді көтеру көрмелері;

Бағдарламаның жүзеге асыру кезеңдері.

1кезең-сараптамалық (қыркүйек-казан)

Кезең міндеттері: Асық туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту.

Әр түрлі жағдайларды талдау; оның басты мақсатын анықтау.

2кезең- ұйымдастыру: алдағы жұмысты жоспарлау және болжам(қараша-желтоқсан).

Кезең міндеттері: бала бақша тәрбиеленушілерінің білім беру және тәрбие

бағдарламасының барлық бөлімдерінде ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан асықты жаңғырту мақсатындағы жоспарлар жасау.

3кезең – тәжірибелік іс-қимыл ойындар(қаңтар-наурыз).

Кезең міндеттері: асық ойынының ұмытылып, мүлде ойналмай, ережелерінің сақталмай,

ойнаудың өзіндік сырларының (техникасының) жоғалып бара жатқандығын ,Ұлттық

байлығымызға лайықты деңгейде көңіл бөлу керектігін дәріптеу. Өткенді зерделеп, келешек ұрпаққа насихаттау.

4 кезең – Көрме талдау(сәуір-мамыр айы).

Кезең міндеттері: тәжірибе тарату және педагогтың тәжірибелік қызметінің нәтижесін

анықтау, келесі жылға жұмысты жалғастыру жоспарын жасау..

Күтілетін нәтижесі:

- Мектепке дейінгі балабақша мекемесі аумағында заманауи тұрғыдан жаңғыртылған асық методикасы жайлы орта қалыптастыру;
- асыққа деген қызығушылық пайда болуы,және оны пайдалана білуге үйрету;
- асық көмегімен бала: сурет салу, жапсыру,тізу,әңгімелеу,бейнелеу арқылы үйренеді;
- асыққа деген қызығушылығы оянады.
- достарына, ата-анасына , тәрбиешісіне көмектесуге құлшынысы пайда болады;
- достарының арасында және көпшілік жерлерде өзін-өзі ұстау мәдениетінің дағдылары қалыптасады;
- қолының ұсақ моторикасы дамиды;
- зер салу, назар аудару деңгейі көтеріледі;
- қимыл-қозғалыс белсенділігі дамиды;

Күнтізбелік тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Сағаты	Мерзімі
<i>Ікезең-«Асық ұлттық қазынамыз» (қыркүйек-казан)</i>					
1	Балалардан диагностика алу.	«Сен асық ойнайсың ба?» диагностика, жүргізу, анықтау.	Сұрақ-жауап	1	
2	<i>Кіріспе. Асықтың шығу тарихымен таныстыру.</i>	Балаларға асық туралы түсінік беру, оны тыңдай білуге үйрету. ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, сақтай білуге үндеу.	Баяндау, әңгімелеу, сұрақ-жауап, топтық жұмыс	1	
3	<i>Асық түрлерімен таныстыру</i>	Тыңдай білуге, түсінуге, өзіне қойылған сұрақтарға жауап бере білу дағдыларын дамыту, зеректілігі мен ой ұшқырлығын дамыту. асықты жас ұрпақтың дамуы үшін аса пайдалы екендігін насихаттау;	Миға шабуыл, ой қозғау әдістері, сұрақ-жауап.	1	
4	<i>Асық туралы нақыл сөздерді, өлеңдерді жаттау.</i>	Нақыл сөздердің, өлеңдердің мағынасын ұғындыру, жаттау машықтарын дамыту, көркем сөзді анық айта білу, сөздік қорларын молайту. және жаттау дағдыларын дамыту, мағынасын түсіне білуге үйрету.	Жаттау, қайталау, түсіндіру	1	
5	<i>Асық атауларымен таныстыру.</i>	Ауыз әдебиетінің түрлерін ажырата білу, өз ойларын айту дағдыларын дамыту	сұрақ-жауап, әңгімелесу.	2	
6	<i>Әзіл-жаңылтпаштар.</i>	Дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту; тілді сабыр, бос қалыпта ұстау икемділігіне дағдыландыру.	Жаттау, қайталау, түсіндіру	2	

2кезең- тәжірибелік іс-қимылдар. «Асық ойындары»(қараша-қаңтар)

7	Ұлттық ойын. Асық ату.	Асық атудың ережелері мен әдіс-тәсілдерін үйрету. Балалардың ептіліктілігін, икемділігін, мергендіктерін дамыту.	ойындар, сұрақ-жауап.	1	
8	«Алшы»ойын	Балаларды ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу. Ұлт мұрасын сыйлауға тәрбиелеу. Тез ойлауға, алыстан көруге, қайраттылыққа баулу	ойындар, сұрақ-жауап.	2	
9	«Ханталапай»ойын	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.	бөлініп ойнау, түсіндіру, қайталау.	2	
10	«Атқапыл»ойын	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.	бөліп ойнау, тыңдау, қайталау,	2	
11	«Бес тас»ойын	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, қол моторикасын дамыту. санауға үйрету.	бөлініп ойнау, түсіндіру, қайталау.	2	
12	«Кәмпит ату»ойын	Есте сақтау қабілетін дамыту, тапқырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту	бөлініп ойнау, топпен сайыс.	2	
13	«Үш табан».	Балаларды ептілікке, еркіндікке баулу, мергендікке баулу, шапшаңдыққа үйрету	бөлініп ойнау.	2	

Зкезең «Асықты заманауи әдіс-тәсілдерде қолдану»(ақпан-наурыз)

14	«Сикырлы асықтар»	Қолмен ұстап, сипап сезу арқылы тегіс, қатпарлы беттерді ажырата білуге дағдыландыру. Асықты саусақ ұшымен ұстап, құмға дөңгелек, тура сызықтар жүргізе отырып, бейне құрастыра білуге үйрету.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу	2	
15	«Асықтарды тізу»	Баланың саусақ жаттығуларын, өз бетімен орындауына дайындап, қызығушылықтарын арттыру. Қол моторикасының қалыптасуын және саусақ қозғалысының еркіндігін меңгерту.	Әңгімелеу, қайталау, сұрақ-жауап	2	
16	«Біздер жасай аламыз»	Балаларға сымбаттылық, денсаулық сақтау, жалпақтабандылық және оның алдын алу жолдарын меңгерту.	Қайталау,көрсету, түсіндіру, мадақтау. Қайталау	2	
17	«Асықтың сиқырлы қасиеті»	Балаларды асықтың қасиетімен таныстыру.асық түрлеріне бұйымдар жасауға пайдалануға болатыны жайлы түсіндіру.	Әңгімелеу	2	
18	«Ғажайып асық математикасы»	Көлемінде сандық есептеуге үйрету.Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс-әрекет дағдыларын меңгерту,ойлауға ауызша қосып -алу және түстерді ажыратуға, қарым-қатынас, көмек көрсету, сыйластықты қалыптастыру	түсіндіру, сұрақ жауап, сергіту сәті, « Қай сан жоғалды?»	2	
19	Асықтан жасалған ғажайып бұйымдар.	Балаларға ұлттық қолөнеріне деген қызығушылығын арттыру, ой-қиялын дамыту. Қазіргі заманғы сәндік қолданбалы өнерді түсіндіре отырып, оларға кәсіби бағдар беру.	түсіндіру, сұрақ-жауап, өз бетінше сарамандық жұмыс	1	

		Эстетикалық тәрбие беру.			
20	Жапсыру өнері.	Ою-өрнек туралы түсінік беру, ою-өрнек түрлеріне сипаттама беру және жапсырмалау технологиясын үйрету. Ою-өрнектің тілін түсіндіру, сырына мән беру арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. халқымыздың өнерін құрметтеуге тәрбиелеу.	түсіндіру, сұрақ-жауап, өз бетінше сарамандық жұмыс	2	
21	«Көңілді қоңыздар» жаттығуы	Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. Жинақылыққа тәрбиелеп, ынталы іскерлігін арттыру, достық қарым қатынасын қолдау	түсіндіру, көрсету.	1	
4 кезең – Көрме талдау. (сәуір-мамыр)					
22	«Шебер қолдар»	Нәтижеге деген қызығушылық және соған деген мақтаныш сезімін ояту. Қарапайым асықпен жұмыс жасау арқылы интеллектуалды және эстетикалық қабілеттерін дамыту. Балалардың жыл бойы жасаған шығармашылық жұмыстарын көрмеге шығару, көрме дайындау жолдарымен таныстыру, талдау, теориялық білімін практикамен ұштастыру.	Көрме түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, ғажайып сәт.	1	
23	Барлығы:			36 сағат	

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Аюбай Құралұлы «Ұлттық дүниетаным» Алматы. 1997жыл
2. «Қазақ әдебиеті» газеті 1992жыл
3. Қазақтың ұлттық ойындары Алматы. 2005 жыл
4. Қазақ Совет энциклопедиясы 1 том
5. «Бала би» журналы 2010 жыл № 5
6. Қазақ совет энциклопедиясы (1-том 538 –бет)
7. Балалар энциклопедиясы (1-том 127-бет)
8. « Балдәурен» газеті (2008 ж 5 қараша)
9. Ұлан газеті «Балбұлақ» бөлімі жариялаған «Қазақтың ұлттық ойындары» мақаласы. Авторы: Досымбек Қатран 2005 жыл
10. Сейітбек Кенжахметұлы «Асық ойыны – асыл ойын» (Ұлан газеті)
11. Е. Сағындықов. «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы «Рауан» 1991 ж.
12. Т. Асылқанова. «Асық» Мөлдір бұлақ журналы №1, 2010ж
13. « Балдәурен» газеті (2008 ж 5 қараша)
14. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 30 қараша 2015 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
15. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие №1080 ҚР МЖМБС, 23 тамыз, 2012 жыл.
16. Г.Т. Ергожина Ұлттық ойындардың білімділік, тәрбиелік рөлі мен мәні // Қазақстан-
17. Заман. 2012. 22 наурыз. № 13. – 16 б.
18. «Қазақ әдебиеті» газеті 1992жыл
19. Қазақтың Ұлттық энциклопедиясы, Алматы, 1 томы.
20. Н. Жүсіп «Тутанхамонның асығы» // Егемен Қазақстан
21. С. Қалиев, М. Оразаев «Қазақ халқының салт дәстүрлері», Алматы 1994
22. Т. Асқартегі, Асық – мергендікке тәрбиелейді. // Азия транзит. – 2004. № 6. Б. 53-55.
23. Ш. Ыбыраев, «Соқыртеке: ауыз әдебиетіндегі балалар ойындарының үлгілері», Алматы: Өнер, 1990. 176-бет.